

Қабылғазина К.,
Құрманбаева А.

**Радиожурналистика тарихын
оқыту тәжірибесі**

Тоталитарлық үстемдік мүддесіне бағынып келген радиожурналистикаға жаңаша көзқарас туды, жаңа бағытпен, бағдармен дами бастады. Осындай кезде өткен мен бүгінді, ескі мен жаңаны салыстырып қарау арқылы радиожурналистиканың тарихын таразылау, баға беру қажеттігі туындайды. Қарастырылған кезеңдегі радиохабарларды зерделегенде қазіргі радиожурналистикада қолдануға болатындай тәсілдерді аңғаруға болады.

Түйін сөздер: радиорейд, көшпелі редакция, журналистика пішіндері, идеология, тоталитарлық үстемдік, тарихи формация.

Kabylgazina K.K.,
Kurmanbayeva A.A.

**Experience in teaching the
history of radio journalism**

Since attainment of independence radiojournalism, which was subordinated to the interests of the totalitarian supremacy, began to develop by the new destination. At that moment it becomes necessary to assess the history of radiojournalism comparing past and present trends. During the investigation radio programmes of studying period, we can find methods that can be used by the modern radio journalism.

Key words: Radiorejd, visiting editorial staff, forms of journalism, ideology, totalitarian rule, historical formation.

Кабылғазина К.К.,
Курманбаева А.А.

**Опыт преподавания истории
радиожурналистики**

Посттоталитарный период развития казахстанской журналистики вызывает большой интерес исследователей. Авторы статьи изучают историю, современное состояние и перспективы развития отечественной радиожурналистики, сравнивая методологию и инструментарий журналистов электронной сферы современности и прошлых лет. Исследователи отмечают, что необходимо сохранять и развивать положительный опыт предшественников, используя наиболее удачные модели и методы подготовки радиопередач.

Ключевые слова: радиорейд, выездная редакция, формы журналистики, идеология, тоталитарное господство, историческая формация.

РАДИО- ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Республикамызда болып жатқан қоғамдық-саяси, мәдени-рухани, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің үрдіс алуы – коммунистік идеологияның саяси сахнадан түсуімен және елдің тәуелсіздік алуымен байланысты өрбіді. Сондықтан, ғасырға жуық біржақты, тоталитарлық үстемдік мүддесіне бағынып келген радиожурналистикаға жаңаша көзқарас туды, жаңа бағытпен, бағдармен дами бастады. Осындай кезде өткен мен бүгінді, ескі мен жаңаны салыстырып қарау арқылы радиожурналистиканың тарихын таразылау, баға беру қажеттігі туындайды. Тарихтың аты тарих, ол – жылдар қойнауында қалған адами шежіре. Қандай тарихи формация болмасын адамзат санасынан орын алады, ұрпақтан ұрпаққа жету арқылы жалғасын табады. Сондай маңызды кезеңнің бірі – 1946-1950 жж. Ұлы Отан соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру тұсындағы радио қызметі.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жылдарындағы радиохабарлардың даму бағыттарына әсер еткен мынадай жағдайлар болды: осы мәселені дәйекті зерттеп, тиісті құжатты қабылдаған тарихи ақпан пленумының шешімдері, ленинградтықтардың өнеркәсіп өнімдерін арзан, тез әрі сапалы өндіруді ұйымдастыру саласындағы үндеуі және қазақстандық колхозшылардың Сталинге хаты. Міне, осы үш құжаттан туындайтын міндеттерді негізгі межеге алып, бағыт ұстаған жергілікті, облыстық, республикалық радиокомитеттер соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әр дамыту ісіне өз үлесін қосып отырды.

1946 жылдың басында ҚК(б) Орталық Комитетінің XIV Пленумы Қазақстан ауыл шаруашылығының міндеттерін белгілеп берді. Осы жылдың 24 шілдесінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясы «Қазақ ССР-ның халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамытудың 1946-50 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заңды» [1] қабылдады. Осыған орай шаруашылықтар, мекемелер, ұйымдар т.б. қоғамдық орындар құжат шешімдерін орындауға жұмылдырылды. Алдымен ауыл шаруашылығын жолға қойып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға күш салынды. Соғыстан кейінгі колхоздарды қалпына келтіру мерзімінде тәжірибелі, беделді колхоз басшылары, колхоз өндірісінің озаттары өсіп

шықты. Ауыл, селоларда жергілікті партия органдары күш алды.

1950 жылдың екінші жартысынан бастап 1960 жылдың алғашқы жартысына дейін колхоздардың біразын совхозға айналдыру процесі жүзеге асырылды. Осы тарихи оқиғалар тарихшылар арасынан әлі күнге дейін өз бағасын ала алмай келе жатқан мәселе. Біраз тарихшылар бұл жайды жақтады, біразы қарсы болды. Одан колхоз өзінің өмірін сүріп бітті деген ұғым қалыптаспауы тиіс, қайта колхоз құрылысы әрі қарай нығая түсті деген орынды сияқты.

Әуе толқынында сол кезде шыққан бүкіл хабарларға тән бір қасиет – қара дүрсіндіктен бой тарту басым болды. Техникалық құрал-жабдықтардың (диктофон, магнитофон, репортерлердің т.б.) жоқтығына қарамастан эфирге жанды дауыс шығаруға талпынушылық болды. Бұл орайда негізгі мәселеге байланысты тыңдарман хаттары, журналистік түсіндірмелер, хабар барысында қойылатын жетекші сұрақтар, қысқасы, материалды эфирге шығару әрекеттерінің бәрінен өткенді қайталамауға тырысу болғандығы көрініп тұрды.

Елдің өнеркәсібі дамыған сайын, ауыл шаруашылығын механикаландыру етек алды. Осылайша, Қазақстанның халық шаруашылығын дамыту процесінде негізгі рөл атқарған аталмыш мәселелердің көпшілігі қазақ радиохабарларының зерттеліп отырған кезеңдегі негізгі тақырыптары болып келген. Өйткені, идеология өмірмен әрдайым өзектес. Мемлекеттік билік, халық, әлеуметтік жағдай, саясат бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүреді. Экономика – саясаттың нәтижелі жиынтығы деген пікірді сол қазақ радиожурналистері жақсы түсінгендігі әр хабардан көрініп, атойлап тұрғандай. Осы мәселелер жөніндегі үндеулер, үндеуге үн қосушылар, пікірлер, жылт еткен жаңалықтар радиожурналистердің назарынан тыс қалмаған. Қазақ радиосының эфирінен бір жарты жылдықта 40 колхоз төрағасының сөзі, 20-дан астам директор, үздік механизаторлар, 29 Социалистік Еңбек Ерлерінің, 16 облыс, аудан партия басшыларының сөздерінің ұйымдастырылуы [2] осы айтылған пікірлерге дәлел бола алады.

Осы реттегі радионың ықпалын ерекше атап өту керек сияқты. Қолына газет-журнал ұстауға мүмкіндігі жоқ, күні бойы еңбек майданында, немесе станок қасында тұрған еңбеккерлердің құлағы радио дегенде әрдайым түрік тұруға дайын еді. Оның үстіне біраз ғана бұрын біткен Ұлы Отан соғысының барысын жұрт радиодан

Левитан мен Байжанбаевтың үні арқылы тыңдап үйренген болатын. Сол соғыстың бар жаңалықты радиодан күтуге машықтандырғаны айқын. Ол кездегі идеологияның қуатты болғаны соншалықты көптеген хабарларда асыра сілтеу, әсірелеу басым. Мысалы, «Оңтүстік Қазақстан облысының социалистік егіс даласына арналған хабар», «Ауыл, деревняда социалистік үгіт-насихат жұмысының маңызды міндеттері», «Халық! Ленин мен Сталин үйреткендей қызмет етейік» т.б. хабарлар. Жоғарыдағы даланың өзін «социалистік» деу сарыны үнемі сезіліп тұратын.

Соғыстан күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге арналған бесжылдық жоспарды орындау жолына елді жұмылдыруда радионың қызметі орасан зор болды. Қазақстанда соғыс болмағанымен де Ресейдің қираған елді мекендеріне материалдық, техникалық көмектер жіберілді. Осындай шараларды адамдардың санасына сіңірудегі радионың рөлі ерекше еді. Есту арқылы сана-сезімге әсер жасау – радионың басқа ақпарат құралдарымен салыстырғанда басты артықшылығы. Сондықтан да халық алдына жауапты бүкілхалықтық міндеттер қойылды, әрі БАҚ-қа міндет етіп жүктелді. Радиодан хабарларды күніне сан рет қайталап беру арқылы идеология мақсаты орындалды. Ол міндеттер төмендегідей болатын:

- Социалистік жарысты өрістету;
- Өндіріс технологиясын жетілдіру;
- Кәсіпорындардың мүмкіншілігін толық ұйымдастыру;
- Стахановтық жұмыс әдісін ұйымдастыру;
- Технолоктар, конструкторлар арасындағы мамандық жөнінен жарысты ұлғайту;
- Жұмыстағы озат тәжірибелер, тапқырлар жаңалықтарын көпшілікке жеткізе білу;
- Жұмысшылардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жағдай туғызу үшін ұйымдастыру-техникалық шараларын ұштастыра жүргізу, ауыр жұмыстарды механикалық жолға салу;
- Шикізатты, отын, материалдар, электр қуатын үнемді пайдаланып, өнімнің түсер бағасын арзандату, ол үшін нормалы жолға салу;
- Өндірісте мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту;
- Еңбекшілерге мәдени қызмет көрсетуді жақсарту, оларды коммунизм рухына тәрбиелеу.

Осы мәселелерге байланысты еңбекшілер хаттарын ұйымдастыруға талпыныс та осы кезде бой ала бастағанын байқауға болады. Қазақ радиосында эфирге нақты дауыс берудің мүмкіндігінің жоқтығына қарамай, еңбеккерлер хаттарын әуе толқынынан шығарудың алғашқы

мысалдарын көптеп кездестіруге болады. Соның бірі – Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы ерлі-зайыпты Социалистік Еңбек ерлері Қасым мен Насиха Дүйсекеновалардың (бұл тарихта есімдері қалған адамдар ақын Тұманбай Молдағалиевтың жарының әкешесі болатын) «Қысқы жайылымды тиімді пайдаланып, жылқы басын молайта түсейік», – [3] деген хаты эфирден берілген.

Өздері өмір сүріп отырған тұстағы қоғам өмірі, ішкі және сыртқы жағдайлар, әлеуметтік, экономикалық мәселелері т.б. адамдар өмірімен сабақтас болып келетіні мәлім. Сондықтан да, өмірмен өзектес хаттардың радио редакциясына ағылуы, жүрек жарды пікір-тілектердің айтылуы орынды еді. «Бізге хат келіпті» айдарымен берілген хабарлардан халықтың үні естіліп тұрғандығы байқалады. «Жылан түлеп, терісінің сыртқы қабығын алмастырған кезде қандай әлсіз болса, қоғамның бір кезеңнен екіншісіне өтер шағында халық та сондай күйге тап болады», – [4] деп жазған ғалым Л. Гумилев пікірі сол кездің де, қазіргі шақтың да анықтамасы бола алатындай. Бұл жылдар хабарларының бір ерекшелігі – экономикалық түсініктемелер, кеңестер беріліп тұрған. Оған айғақтың бірі – К. Маркстің «Капиталының» [5] өзекті жерлері әуе толқынынан оқылуы.

Тіпті радиохабарлардың тиімділігін арттыра түсу үшін қоғамдық рейд, көшпелі редакция сияқты журналистика пішіндері жақсартылып, жолға қойылған. Бұл тұста ел мүддесін жүзеге асырушылардың жақсы істері жайлы радиорепортаждар жиі орын алып тұрған. Мысалы, 1946 жылдың 16 маусымында берілген хабарда [6] екіқабат әйелдер мен босанған жас аналарға арнайы ашылған ауыл шаруашылығы өнімдері дүкенінің алдынан репортаж ұйымдастырылған. Дүкен директорының, сатушылардың сөздері, балалардың дауыстары, тілек-сұраныс қабылдауға қойылған телефон шырылы т.б. репортажға қатысты детальдардың әсерінен тыңдаушы көз алдына өзіндік сурет келеді.

1947 ж. радио рөлінің күрт күшейген жылы болды. Халыққа ақпарат таратуда, саяси тәрбие беруде, елдің мәдени деңгейін арттыруда беделі арта түсті. Жаңа радио циклдар – «Біздің Отан», «Күн тақырыбында», «Ғылым мен техника жаңалықтары» т.б. пайда болды. Осы тұстағы радиохабарларында негізінде газет материалдары көп пайдаланылғанымен, озаттар тәжірибелері туралы ұйымдастырылған, басқа тыңдармандар атымен эфирге шыққан материалдарды көптеп кездестіруге болады. Ал,

ол хабарларды дайындаған радиожурналистер екендігі жинақы айтылған ой-пікірлерден, нақты түйіндерден көрініп отырды. Мысалы, ЛКСМ Орталық Комитетінің қызметкері Құрмановтың «Жазғы спорт маусымын ұйымшылдықпен қарсы алайық», трактор бригадасының бригадирі Таутановтың «Біз техниканың жоғары өнімділігіне қалай жетіп отырмыз?», [7] жетісулық қызылшашы Б. Тәтенованың "Қант қызылшасынан мол өнім алудың тәжірибесі жөнінде" [8], Ермаковтың «Ғылыми еңбектердің жоғары идеялығын жақсартайық» [9] деген сияқты көптеген тақырыптар дәлел бола алады. Яғни, «насихатшылық әдістердің бір сарындылығы, олардың ұрандық, мінберлік сипаты білініп тұрды. Мұндай жағдайда ақпараттың негізгі шындығынан гөрі идея басым болатын. Ал, шындық соның бағынышында болып, қосалқы сипат алатын және айғаққа айналатын», – деген пікір («Қазақ радиожурналистикасы») [10] сол жылдар хабарларының анықтамасы бола алады.

«... шаруаға агрономиялық кеңестер, өсімдік шаруашылығы, ара өсіру, ауыспалы алқап, тыңайтқыштар пайдалану жөнінде хабар берілді. «Шаруа радиогазеті» ауыл шаруашылығын жақсартуға, оның табыстылығын арттыруға байланысты көптеген мәселелер жайында хабар дайындады». Міне, осы «Шаруа радиогазетінің» лайықты жалғасы болып келген ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне арналған хабарлардың халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамыту ісіне зор үлес қосқаны тарихи шындық.

«В своей организаторской деятельности печать, радио и телевидение использовали многочисленные формы, методы работы, в творческой – обращались к различным жанрам, – [11] деп сол тұстағы журналистика жайлы айтқан тарихшы ғалым Р.П. Овсепян пікірі осы ретте айқындала түскендей. Зерттеліп отырған тұста радиохабарлардың жиі қолданылған формаларының бірі – радиомақала. Оның себебі, үстемдік етуші идеологияны халық жадына тереңірек сіңіру үшін әр түрлі саяси, қоғамдық тақырыптар осы мақалаларда қозғалды. «Радиомақала радиода көбінесе қоғамдық-саяси және ғылыми техникалық мәселелерге арналады. Оның көлемі әдетте газеттегіден кішірек болады», – делінген журналист анықтамалығында. Көлемінің кіші болуы, әрине, радионың спецификасына байланысты.

Қарастырылған кезеңдегі радиохабарларды зерделегенде қазіргі радиожурналистикада қолдануға болатындай тәсілдерді аңғаруға

болады. Мысалы, қоғамдық радиорейдтер, пішіндерінің жаңартылуы ұлттық идеологияны көшпелі редакция сияқты журналистика дамытудың табысты тәсілі деуге болады.

Әдебиеттер

1. Қазақ ССР-ның халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамытудың 1946-50 жылдарға арналған бесжылдық жоспары туралы заң".
2. Сонда.
3. Сонда.
4. Қабылғазина К. «Дәуір үні». – Алматы, 2002.
5. Гумилев Л. «Этногенез и биосфера Земли», АСТ, Астрель, 2005 ж.
6. ҚРОМА 1489-қор, 1-парақ, 396 іс 2-парақ, 22-іс.
7. Сонда.
8. Сонда.
9. Сонда.
10. Сонда.
11. Сонда.

References

1. Qazaq SSR-nynhalyhsharuashlygynqalpynakeltirudyn 1946-50 j.josparytur.zan
2. Sonda.
3. Sonda.
4. Kabylgazina K. «Dauyr uny»A., 2002
3. Gumilev, «Etnogenez I biosferazemli», AST, 2005.
6. QROMA 1489 –qor,1-paraq,396 –is,2-paraq ,22-is.
7. Sonda.
8. Sonda.
9. Sonda.
10. Sonda.
11. Sonda.